

Көлік құралдарының паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттарын ресімдеу, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеу жөніндегі өкілеттіктерді ұйымдарға беру туралы немесе өкілеттіктерді беруден бас тарту туралы қорытынды беру қағидалары мен шарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі № 211 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 16 сәуірде № 18532 болып тіркелді.

"Жол жүрісі туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 15 -1-бабының 4) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Көлік құралдарының паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттарын ресімдеу, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеу жөніндегі өкілеттіктерді ұйымдарға беру туралы немесе өкілеттіктерді беруден бас тарту туралы қорытынды беру қағидалары мен шарттары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустріялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министре жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрі

R. Склар

Қазақстан Республикасы
Индустрія және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2019 жылғы 11 сәуірдегі
№ 211 бұйрығымен
бекітілген

Көлік құралдарының паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттарын ресімдеу, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеу жөніндегі өкілеттіктерді ұйымдарға беру туралы немесе өкілеттіктерді беруден бас тарту туралы қорытынды беру қағидалары мен шарттары

Ескерту. Қағидалар мен шарттар жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 21.12.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Көлік құралдарының паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттарын ресімдеу, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеу жөніндегі өкілеттіктерді ұйымдарға беру туралы немесе өкілеттіктерді беруден бас тарту туралы қорытынды беру қағидалары мен шарттары "Жол жүрісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 15-1-бабының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және ұйымдарға көлік құралдарының паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттарын ресімдеу, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын (бұдан әрі – электрондық паспорттар) ресімдеу жөніндегі өкілеттіктерді беру туралы немесе өкілеттіктерді беруден бас тарту туралы қорытынды беру тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Көлік құралдарын (көлік құралдарының шассилерін), өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерін дайындаушы ұйымдар мен уәкілетті органдар (ұйымдар) туралы мәліметтер, "Көлік құралдарының (көлік құралдары

шассиінің), өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника тұрлерінің паспорттарын (электрондық паспорттарын) ресімдеуді жүзеге асыратын, көлік құралдарын (көлік құралдарының шассилерін), өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника тұрлерін дайындаушы ұйымдар мен Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы мемлекеттердің уәкілетті органдарының (ұйымдарының) бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібін бекіту туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2015 жылғы 1 қыркүйектегі № 112 шешіміне (бұдан әрі – ЕЭК № 112 шешімімен бекітілген Бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу тәртібі) сәйкес тәртіппен көлік құралдарының паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника тұрлерінің паспорттарын ресімдеуді, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника тұрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеуді жүзеге асыратын көлік құралдарын (көлік құралдарының шассилерін), өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника тұрлерін дайындаушы ұйымдар мен уәкілетті органдардың (ұйымдардың) бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне (бұдан әрі - Бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігі) енгізіледі.

3. Ұйым – ресми мәртебесі әділет органдарында мемлекеттік тіркелумен және есептік тіркеуден өтуімен айқындалатын занды тұлға.

2-тaraу. Көлік құралдарының паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника тұрлерінің паспорттарын ресімдеу, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника тұрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеу жөніндегі өкілеттіктерді ұйымдарға беру туралы немесе өкілеттіктерді беруден бас тарту туралы қорытынды беру тәртібі

4. Осы Қағидаларға сәйкес көлік құралдары бөлігінде ұйымдарға мынадай:

1) Бірыңғай тізілімге енгізілмеген дайындаушы ұйымның Қазақстан Республикасының аумағында дайындаған көлік құралдарына көлік құралдарының паспорттарын, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын ресімдеуге ;

2) оларға бұдан бүрын көлік құралдарының паспорттары, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттары ресімделмеген, Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – Одақ) қатысушы басқа елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін көлік құралдарына көлік құралдарының паспорттарын, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын ресімдеуге;

3) оларға "Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентінің (КО ТР 018/2011) (бұдан әрі – КО ТР 018/2011) талаптарына сәйкес көлік құралының типін макұлдау күші қолданылатын, Одаққа мүше болып

табылмайтын мемлекеттен Одақ аумағына әкелінетін көлік құралдарына көлік құралдарының паспорттарын, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын ресімдеуге;

4) КО ТР 018/2011 талаптарына сәйкес көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәлік ресімделген, Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттен Одақ аумағына әкелінетін көлік құралдарына көлік құралдарының паспорттарын, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын ресімдеуге;

5) Қазақстан Республикасының аумағында көлік құралдарын тіркеуді жүзеге асыратын орган электрондық паспорттарды қолдануды бастаған күнге дейін тіркелген көлік құралдарына КО ТР 018/2011 талаптарына сәйкестігін раставтын құжатсыз көлік құралдарының паспорттарын, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын ресімдеуге;

6) Қазақстан Республикасынан басқа, Одаққа мүше мемлекеттің аумағында көлік құралдарын тіркеуді жүзеге асыратын орган электрондық паспорттарды қолдануды бастаған күнге дейін тіркелген көлік құралдарына КО ТР 018/2011 талаптарына сәйкестігін раставтын құжатсыз көлік құралдарының паспорттарын, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын ресімдеуге;

7) шығарылған күнінен бастап 30 және одан да көп жыл өткен L және M1 санаттарындағы (КО ТР 018/2011 № 1 қосымшаға сәйкес), сондай-ақ шығарылған күнінен бастап 50 жыл және одан да көп жыл өткен, түпнұсқа қозғалтқышы, шанағы және рамасы (бар болса) бар, бастапқы күйіне дейін сақталған немесе қалпына келтірілген жолаушылар мен жүктерді коммерциялық тасымалдауға арналмаған M2, M3 және N санаттарындағы (КО ТР 018/2011 № 1 қосымшаға сәйкес) көлік құралдарына 018/2011 КО ТР талаптарына сәйкестігін раставтын құжатсыз көлік құралдарының паспорттарын, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын ресімдеуге;

8) Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 22 қыркүйектегі № 122 шешімімен бекітілген Көлік құралдарының электрондық паспорттары (көлік құралдары шассиінің электрондық паспорттары) және өздігінен жүретін машиналар мен техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорттары жүйесінің жұмыс істеуі тәртібінің (бұдан әрі – ЕЭК № 122 шешімімен бекітілген Тәртіп) 20-тармағының в) тармақшасына сәйкес Одақ аумағына әкелінетін және төмендегілерге тиесілі көлік құралдарына көлік құралдарының паспорттарын, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын КО ТР 018/2011 талаптарына сәйкестігін раставтын құжатсыз ресімдеу:

шетелде тұратын адамдардың ерікті қоныс аударуына жәрдем көрсету жөніндегі үлттық мемлекеттік бағдарламалардың қатысуышылары болып табылатын немесе "Босқындар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес босқындар бол танылған, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне;

халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелерге, халықаралық (мемлекетаралық) ұйымдарға, осы өкілдіктердің (мекемелердің, ұйымдардың) қызметкерлеріне, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне;

9) өз қызметін тоқтатқан ұйым ресімдеген көлік құралдарының паспорттарына, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарына өзгерістер енгізуге;

10) Бірыңғай тізілімнен шығарылған ұйым ресімдеген көлік құралдарының паспорттарына, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарына өзгерістер енгізуге өкілеттіктер беріледі.

5. Осы Қағидаларға сәйкес көлік құралдарының шассиі бөлігінде ұйымдарға мынадай өкілеттіктер беріледі:

1) Бірыңғай тізілімге енгізілмеген дайындаушы ұйымның Қазақстан Республикасының аумағында дайындаған көлік құралдарының шассиіне көлік құралдары шассиінің паспорттарын, оның ішінде көлік құралдары шассиінің электрондық паспорттарын ресімдеуге;

2) оларға КО ТР 018/2011 талаптарына сәйкес көлік құралдары шассиінің типін мақұлдау күші қолданылатын, Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттен Одақ аумағына әкелінетін көлік құралдарының шассиіне көлік құралдары шассиінің паспорттарын, оның ішінде көлік құралдары шассиінің электрондық паспорттарын ресімдеуге;

3) өз қызметін тоқтатқан және (немесе) Бірыңғай тізілімнен шығарылған ұйым ресімдеген көлік құралдары шассиінің паспорттарына, оның ішінде көлік құралдары шассиінің электрондық паспорттарына өзгерістер енгізуге.

6. Осы Қағидаларға сәйкес өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлері бөлігінде ұйымдарға мынадай өкілеттіктер беріледі:

1) Бірыңғай тізілімге енгізілмеген дайындаушы ұйымның Қазақстан Республикасының аумағында дайындаған, өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлеріне өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттарын, оның ішінде өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеуге;

2) оларға бұдан бұрын өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттары, оның ішінде өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттары ресімделмеген, Одаққа қатысушы басқа елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлеріне өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттарын, оның ішінде өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеуге;

3) оларға Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 18 қазандағы № 823 шешімімен қабылданған "Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағы техникалық регламентінің (КО ТР 010/2011) (бұдан әрі – КО ТР 010/2011) немесе Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2012 жылғы 20 шілдедегі № 60 шешімімен қабылданған "Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторлары мен олардың тіркемелерінің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағы техникалық регламентінің (КО ТР 031/2012) (бұдан әрі – КО ТР 031/2012) талаптарына сәйкес бағалау туралы құжат немесе көлік құралы (шасси) типінің мақұлдауы немесе КО ТР 018/2011 талаптарына сәйкес көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы күәлік (ең жоғары конструктивтік жылдамдығы 25 км/сағ және одан астам, бірақ 50 км/сағ аз немесе соған тең көлік құралдарына қатысты) ресімделген өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлеріне өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттарын, оның ішінде өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеуге;

4) Қазақстан Республикасының аумағында өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерін тіркеуді жүзеге асыратын орган тіркеген өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлеріне өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттарын, оның ішінде өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеуге;

5) Қазақстан Республикасынан басқа Одаққа мүше мемлекеттің аумағында өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлеріне өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттарын, оның ішінде өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеуге;

6) Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттен Одақ аумағына әкелінетін, бұрын пайдаланымда болған өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің арасынан өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлеріне өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттарын, оның ішінде өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеуге;

7) мемлекет меншігіне айналдырылған өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлеріне өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттарын, оның ішінде өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеуге;

8) жеке тұлға жеке пайдалану үшін Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттен Одақ аумағына әкелетін (әкелген) өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлеріне өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттарын, оның ішінде өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеуге;

9) Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттен Одақ аумағына әкелінетін (әкелінген) және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелерге, халықаралық (мемлекетаралық) ұйымдарға, осы өкілдіктердің (мекемелердің, ұйымдардың) қызметкерлеріне, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне тиесілі өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлеріне өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттарын, оның ішінде өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеуге;

10) өз қызметін тоқтатқан ұйым ресімдеген өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлеріне өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттарына, оның ішінде өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарына өзгерістер енгізуге;

11) Бірыңғай тізілімнен шығарылған ұйым ресімдеген өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлеріне өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттарына, оның ішінде өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарына өзгерістер енгізуге.

7. Осы Қағидалардың 4-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 10) тармақшаларында, 5-тармағының 1), 2) тармақшаларында, 6-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9) тармақшаларында көзделген өкілеттіктерді алу және Бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігіне енгізу үшін ұйымдар Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустріялық даму комитетіне (бұдан әрі – Комитет) ілесспе хат (еркін нысанда) жібереді, оған мынадай құжаттарды (pdf форматында электрондық тасығышта) қоса береді:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көлік құралдарының паспорттарын (көлік құралдары шассиінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттарын ресімдеу, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассиінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеу бойынша өкілеттіктер беру туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш);

2) өтініш беру күніне дейін 10 (он) жұмыс күнінен ерте емес алынған "Занды тұлғалар" мемлекеттік деректер қорынан тіркелген занды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтама;

3) басшысы (не сенімхат бойынша оның өкілі) қол қойған, өкілеттікті беруге өтініш берген күні ұйым қайта ұйымдастыру, тарату, банкрот процесінде тұрмаганын, сондай-ақ шаруашылық қызметті жүзеге асыруға шектеулердің жоқтығын растайтын анықтама;

4) басшысы (не сенімхат бойынша оның өкілі) куәландырган, ұйымның толық атауы, орналасқан жері (занды тұлғаның мекенжайы), нақты мекенжайы, телефон

нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, уәкілетті орган (ұйым) басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) туралы мәліметтерді қамтитын анықтама;

5) осы Қағидалардың 4-тармағының 1), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 10) тармақшаларында, 5-тармағының 1), 2) тармақшаларында, 6-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9) тармақшаларында көзделген өкілеттіктерді алу үшін сертификаттау жөніндегі органның және (немесе) сынақ зертханасының (орталығының) және аккредиттеу саласының аккредиттеу аттестатының басшы (не сенімхат бойынша оның өкілі) қолымен куәландырган көшірмелері;

6) басшы (не сенімхат бойынша оның өкілі) куәландырган көлік құралдарының паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын), оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің электрондық паспорттарын) ресімдеу кезіндегі ұйымның міндеттемесін растайтын анықтама:

осы Қағидалардың 4-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 10) тармақшаларында, 5-тармағының 1), 2) тармақшаларында көзделген өкілеттіктер үшін:

ЕЭК №122 шешімімен бекітілген Тәртіптің 20-тармағының д) тармақшасында көзделген ерекшелікті сақтау үшін қажетті сәйкестендіруді жүзеге асыру, ал көлік құралына (шассиге) дайындаушы ұйым басқан сәйкестендіру таңбалануын жасыру, қолдан жасау, өзгерту, жою белгілері анықталған жағдайда не көлік құралының (шассидің) ұсынылған мәліметтерге сәйкесіздігі анықталған жағдайда көлік құралының паспортын (көлік құралы шассиінің паспорты), оның ішінде көлік құралының электрондық паспортын (көлік құралы шассиінің электрондық паспорты) ресімдемеу және 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Қазақстан Республикасының құзыретті органдарын хабардар етуді жүзеге асыру (ЕЭК №122 шешімімен бекітілген Тәртіптің 20-тармағының е) тармақшасында көзделген ерекшелікті сақтау мақсатында);

осы Қағидалардың 4-тармағының 4), 5), 6), 7), 8) тармақшаларында көзделген өкілеттіктер үшін:

ЕЭК №122 шешімімен бекітілген Тәртіптің 20-тармағының ж) тармақшасында көзделген ерекшелікті сақтау үшін қажетті көлік құралын суретке түсіруді, оның ішінде оның сәйкестендіру таңбалануын жүзеге асыру;

7) осы Қағидалардың 6-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9) тармақшаларында көзделген өкілеттіктерге сәйкес басшы (не сенімхат бойынша оның өкілі) куәландырган өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің паспорттарын ресімдеу, оның ішінде өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеу кезіндегі ұйымның міндеттемесін растайтын анықтама, ЕЭК №122 шешімімен бекітілген Тәртіптің 21-тармағының д) тармақшасында көзделген ерекшеліктерді сақтау үшін қажетті өздігінен жүретін машиналарды және техниканың басқа да түрлерін, оның ішінде олардың сәйкестендіру таңбалануын сәйкестендіруді және суретке түсіруді жүзеге асыру, ал машинаға дайындаушы ұйым басқан сәйкестендіру таңбалануын

жасыру, қолдан жасау, өзгерту, жою белгілері анықталған жағдайда не машина ұсынылған мәліметтерге сәйкес келмейтіндігі анықталған жағдайда өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің паспортын, оның ішінде өздігінен жүретін машинаның және басқа да техника түрлерінің электрондық паспортын ресімдемеу және 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Қазақстан Республикасының құзыретті органдарын хабардар етуді жүзеге асыру (ЕЭК № 122 шешімімен бекітілген Тәртіптің 21-тармағының г) тармақшасында көзделген ерекшелікті сақтау мақсатында);

8) осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген ұйымдарға көлік құралдарының электрондық паспорттарын, көлік құралдары шассилерінің электрондық паспорттарын, өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеу жөніндегі өкілеттіктерді беру шарттарға сәйкестігін раставтын құжаттардың басшы (не сенімхат бойынша оның өкілі) қолымен куәландырган көшірмелері.

8. Комитет құжаттар келіп түскен кезде:

1) 10 (он) жұмыс күні ішінде өтініш пен құжаттарды ресімдеудің толықтығын, анықтығын және дұрыстығын, сондай-ақ ұйымдардың осы Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген көлік құралдарының паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттарын ресімдеу, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеу жөніндегі өкілеттіктерді беру туралы немесе өкілеттіктерді ұйымдарға беруден бастарту туралы қорытынды беру шарттарына сәйкестігі тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады;

2) тексеру нәтижелері бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшага сәйкес нысан бойынша көлік құралдарының паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттарын ресімдеу, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеу жөніндегі өкілеттіктерді ұйымдарға беру туралы қорытындыны дайындайды және ұйымның атына жібереді.

3) тексеру нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген, Комитетке ұсынылған құжаттар толық болмаған жағдайда, сондай-ақ ұйым осы Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген көлік құралдарының паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттарын ресімдеу, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және

өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника тұрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеу жөніндегі өкілеттіктерді беру туралы немесе өкілеттіктерді ұйымдарға беруден бас тарту туралы қорытынды беру шарттарына сәйкес болмаған жағдайда, Комитет ұйымға осы Қағидалардың 19-тармағына сәйкес анықталған сәйкесіздіктерді және оларды 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жою қажеттігін көрсете отырып, хат (еркін нысанда) жібереді.

Ұйым осы Қағидалардың 8-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген сәйкесіздіктерді жойғаннан кейін көлік құралдарының паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника тұрлерінің паспорттарын ресімдеу, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника тұрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеу жөніндегі өкілеттіктерді алу үшін Комитетке қайта жүргінуге құқылы.

Ұйым осы Қағидалардың 8-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген сәйкесіздіктерді жоймаған кезде Комитет ұйымға бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ ұйымға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдауды өткізуінде үақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама өтініш пен құжаттардың толықтығын, дұрыстығын және дұрыс ресімделуін тексеру мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын, сондай-ақ ұйымның ұйымдарға көлік құралдарының паспорттарын (көлік құралдары шассиінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен техниканың басқа да тұрлерінің паспорттарын ресімдеу жөніндегі өкілеттіктерді беру туралы қорытындыны беру шарттарына сәйкестігіне жіберіледі, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассиінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналардың және басқа да техника тұрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеу, осы Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша Комитет ұйымдарға бас тартуға негіз болған дәлелді себептерді көрсете отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көлік құралдарының паспорттарын (көлік құралдары шассиінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналардың паспорттарын және техниканың басқа да тұрлерін, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассиінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналардың электрондық паспорттарын және техниканың басқа да тұрлерін ресімдеу жөніндегі өкілеттіктерді беру туралы қорытынды, не осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұйымдарға көлік құралдарының паспорттарын (көлік құралдары шассиінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналардың паспорттарын және техниканың басқа да тұрлерін, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассиінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналардың

электрондық паспорттарын және техниканың басқа да түрлерін ресімдеу жөніндегі өкілеттіктерді беруден бас тарту туралы қорытынды береді.

Ұйымдарға көлік құралдарының паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттарын ресімдеу, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеу жөніндегі өкілеттіктерді ұйымдарға беру туралы оң қорытынды болған кезде 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұйым туралы мәліметті Бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігіне енгізеді.

Ұйым келіспеген жағдайда, көлік құралдарының паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттарын ресімдеу, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеу жөніндегі өкілеттіктерді ұйымдарға беруден бас тарту туралы қорытындыға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабына сәйкес Комитеттің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдануға құқылы.

9. Көлік құралдарының паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттарын ресімдеу, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеу жөніндегі өкілеттіктерді беру туралы немесе өкілеттіктерді ұйымдарға ұйымдарға беру туралы қорытынды ұйым Бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігіне енгізілген күнге дейін күшінде болады, бірақ ол берілген күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайды.

10. Өкілеттіктер мынадай:

1) ұйым электрондық паспорттар жүйелерінің ұлттық операторымен (ұлттық әкімшісімен) жасалған шарт талаптарын орындаған кезде электрондық паспорттар жүйелерінің ұлттық операторының (ұлттық әкімшісінің) қолдаухаты;

2) ұйым ЕЭК № 122 шешімімен бекітілген Тәртіптің, ЕЭК № 112 шешімімен бекітілген Бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу тәртібінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 3 шілдедегі № 471 қаулысымен бекітілген Көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын жүргізу қағидаларының талаптарын бұзған;

3) ұйымнан өкілеттіктерді тоқтату туралы өтініш алған;

4) ұйым осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес Бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігін өзектендіру үшін қажетті ақпаратты ұсынбаған жағдайларда тоқтатылады.

11. Осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген жағдайларды қарау нәтижелері бойынша Комитет үәкілетті ұйымның атына осындай өкілеттіктерді тоқтатуға және Бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігінен шығаруға негіз болған себептерді көрсете отырып, 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өкілеттіктерді тоқтату туралы хат жібереді.

12. ЕЭК №112 шешімімен бекітілген Бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу тәртібінің 5-тармағының а) тармақшасында көзделген ұйым және (немесе) ұйымға берілген өкілеттіктер туралы мәліметтер бөлігінде Бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігін өзектендіруді Комитет деректемелерінің (банк деректемелерін қоса алғанда) өзгеруі туралы ақпаратты қоса алғанда, басшысының аудио туралы, мекенжайының өзгеруі туралы, осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген ұйымдарға көлік құралдарының электрондық паспорттарын, көлік құралдары шассилерінің электрондық паспорттарын, өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеу жөніндегі өкілеттіктерді беру шарттарда көзделген келісімдердің қолданысын аяқтау туралы ұйым ұсынған ақпараттың негізінде жүзеге асырады.

13. Бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігіне көлік құралдарын (көлік құралдарының шассиін), өздігінен жүретін машиналарды және техниканың басқа да түрлерін дайындаушы ұйым туралы мәліметтерді енгізуі Комитет дайындаушы ұйым ұсынған мынадай құжаттардың негізінде жүзеге асырады (pdf форматында электрондық тасығышта):

1) ілеспе хат (еркін нысанда);

2) осы Қағидаларға 5-қосымшага сәйкес нысан бойынша көлік құралдарын (көлік құралдарының шассилерін), өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерін дайындаушы ұйымды көлік құралдарының (көлік құралдары шассиінің), өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерін дайындаушы ұйымдар мен қатысушы мемлекеттердің үәкілетті органдарының (ұйымдарының) бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізу туралы өтініш;

3) басшы (не сенімхат бойынша оның өкілі) куәландырған, көлік құралдарын (көлік құралдары шассиі), өздігінен жүретін машиналар мен техниканың басқа да түрлерін дайындаушы ұйымның толық атауы, орналасқан жері (занды тұлғаның мекенжайы), басшының нақты мекенжайы, телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) туралы мәліметтерді қамтитын, анықтама;

4) "Занды тұлғалар" мемлекеттік дерекқорынан тіркелген занды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтама;

5) басшы (не сенімхат бойынша оның өкілі) қол қойған, көлік құралдарын (көлік құралдарының шассилерін), өздігінен жүретін машиналар мен техниканың басқа да

түрлерін дайындаушы ұйымның өтініш берілген күні қайта ұйымдастыру, тарату, банкроттық процесінде жоқ екенін, сондай-ақ шаруашылық қызметті жүзеге асыруға шектеу жоқ екенін растайтын анықтама;

6) басшы (не сенімхат бойынша оның өкілі) куәландырған, көлік құралдарын (көлік құралдарының шассилерін), өздігінен жүретін машиналар мен техниканың басқа да түрлерін дайындаушы ұйым өзі дайындаған өнімді өткізуге уәкілеттік берген ұйымдардың (олар бар болса) толық атаулары, орналасқан жері (занды тұлғаның мекенжайы), ұйымдар басшыларының нақты мекенжайлары, телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайлары, тектері, аттары, әкелерінің аттары (бар болса) туралы мәліметтерді қамтитын, анықтама;

7) басшы (не сенімхат бойынша оның өкілі) куәландырған, КО ТР 031/2012, КО ТР 010/2011 талаптарына сәйкестікті бағалау туралы қолданыстағы сертификаттардың немесе көлік құралының типін мақұлдаулардың (шасси типін мақұлдаулардың), көлік құралының (шассидің) КО ТР 018/2011 талаптарына сәйкестігін куәландыратын көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәліктердің көшірмелері;

8) көлік құралдарын (көлік құралдары шассиін) дайындаушы ұйымның басшысы (не сенімхат бойынша оның өкілі) куәландырған көлік құралын дайындаушының халықаралық сәйкестендіру коды (WMI) берілгенін растайтын құжаттың (WMI кодын көрсете отырып) көшірмесі;

9) көлік құралдарын (көлік құралдары шассиін) дайындаушы ұйымның басшысы (не сенімхат бойынша оның өкілі) куәландырған, Қазақстан Республикасының уәкілетті органы мен дайындаушы ұйым арасындағы құрастырудың жеңілдікті режимі туралы келісімнің (жеңілдікті режимді, осындай келісімнің қолданылу мерзімдерін және онда көзделген квоталарды көрсете отырып) бар екендігі туралы мәліметтерді қамтитын анықтама (көрсетілген режим қолданылған жағдайда ұсынылады);

10) көлік құралдарын (көлік құралдарының шассиін) дайындаушы ұйымның басшысы (не сенімхат бойынша оның өкілі) куәландырған құрастыру зауыттарының толық атаулары (олар бар болса), орналасқан жері (занды тұлғалардың мекенжайлары), осындай ұйымдар басшыларының нақты мекенжайлары, телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайлары, тектері, аттары, әкелерінің аттары (бар болса) туралы мәліметтерді қамтитын анықтама;

14. Комитет, көлік құралдарын (көлік құралдарының шассиін), өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерін дайындаушы ұйымнан құжаттар келіп түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде:

1) өтінішті және құжаттарды ресімдеудің толықтығын, анықтығын және дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады;

2) ұсынылған құжаттар толық, олардың анықтығы және өтінішті ресімдеу дұрыс болған жағдайда көлік құралдарын (көлік құралдарының шассиін), өздігінен жүретін

машиналар мен басқа да техника түрлерін дайындаушы ұйым туралы мәліметтерді Бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігіне енгізеді.

15. Көлік құралдарын (көлік құралдарының шассиін), өздігінен жүретін машинадар мен басқа да техника түрлерін дайындаушы ұйым Бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігінен мынадай 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде:

1) көлік құралдарын (көлік құралдарының шассиін), өздігінен жүретін машинадар мен басқа да техника түрлерін дайындаушы ұйым электрондық паспорттар жүйелерінің ұлттық операторымен (ұлттық әкімшісімен) жасалған шарттың талаптарын орындамаған кезде электрондық паспорттар жүйелері ұлттық операторының (ұлттық әкімшісінің) қолдауhatы;

2) көлік құралдарын (көлік құралдарының шассиін), өздігінен жүретін машинадар мен басқа да техника түрлерін дайындаушы ұйым ЕЭК № 122 шешімімен бекітілген Тәртіптің, ЕЭК №112 шешімімен бекітілген Бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу тәртібінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 3 шілдедегі № 471 қаулысымен бекітілген Көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машинадар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын жүргізу қағидаларының талаптарын бұзған;

3) көлік құралдарын (көлік құралдарының шассиін), өздігінен жүретін машинадар мен басқа да техника түрлерін дайындаушы ұйымның Бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігінен шығару туралы өтінішін алған;

4) көлік құралдарын (көлік құралдарының шассиін), өздігінен жүретін машинадар мен басқа да техника түрлерін дайындаушы ұйым осы Қағидалардың 17-тармағына сәйкес Бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігін өзектендіру үшін қажетті ақпаратты ұсынбаған жағдайларда шығарылады.

16. Осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген жағдайларды қарау нәтижелері бойынша Комитет 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде көлік құралдарын (көлік құралдарының шассиін), өздігінен жүретін машинадар мен басқа да техника түрлерін дайындаушы ұйымның мекенжайына Бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігінен шығаруға негіз болған себептерді көрсете отырып хат жібереді.

17. ЕЭК №112 шешімімен бекітілген Бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу тәртібінің 5-тармағының б), в) тармақшаларында көзделген көлік құралдарын (көлік құралдарының шассиін), өздігінен жүретін машинадар мен басқа да техника түрлерін дайындаушы ұйым туралы мәліметтер бөлігінде Бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігін өзектендіруді Комитет көлік құралдарын (көлік құралдарының шассиін), өздігінен жүретін машинадар мен басқа да техника түрлерін дайындаушы ұйым ұсынған ақпараттың негізінде жүзеге асырады.

3-тарау. Көлік құралдарының паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттарын ресімдеу, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеу жөніндегі өкілеттіктерді беру туралы немесе өкілеттіктерді үйымдарға беруден бас тарту туралы қорытынды беру шарттары

18. Үйымға өкілеттікті беру үшін шарттар мыналар болып табылады:

- 1) занды тұлға ретінде тіркелуінің болуы;
- 2) үйым өтініш берген күні қайта үйымдастыру, тарату, банкроттық процесінде болмауы;

3) үйым таңдаған өкілеттіктерге байланысты осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген үйымдарға көлік құралдарының электрондық паспорттарын, көлік құралдары шассилерінің электрондық паспорттарын, өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеу жөніндегі өкілеттіктерді беру шарттарға сәйкестігі;

4) үйым мына:

осы Қағидалардың 4-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 10) тармақшаларында, 5-тармағының 1), 2) тармақшаларында көзделген өкілеттіктер берілген жағдайда ЕЭК-тің №122 шешімімен бекітілген Тәртіптің 20-тармағының д) тармақшасында көзделген ерекшелікті сақтау үшін қажетті сәйкестендіруді жүзеге асыруға, ал көлік құралына (шассиге) дайындаушы үйым басқан сәйкестендіру таңбалануын жасыру, қолдан жасау, өзгерту, жою белгілері анықталған жағдайда не көлік құралының (шассидің) ұсынылған мәліметтерге сәйкессіздігі анықталған жағдайда көлік құралының паспортын (көлік құралы шассиінің паспорты), оның ішінде көлік құралының электрондық паспортын (көлік құралы шассиінің электрондық паспорты) ресімдемейді және Қазақстан Республикасының құзыретті органдарын хабардар етуді (ЕЭК №122 шешімімен бекітілген Тәртіптің 20-тармағының е) тармақшасында көзделген ерекшелікті сақтау мақсатында) жүзеге асырады;

осы Қағидалардың 4-тармағының 4), 5), 6), 7), 8) тармақшаларында көзделген өкілеттіктер берілген жағдайда ЕЭК-тің №122 шешімімен бекітілген Тәртіптің 20-тармағының д) тармақшасында көзделген ерекшелікті сақтау үшін қажетті көлік құралын, оның ішінде сәйкестендіру таңбалануын суретке түсіріп алууды жүзеге асырады;

5) осы Қағидалардың 6-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9) тармақшаларында көзделген өкілеттіктер берілген жағдайда үйым өздігінен жүретін машиналарды және техниканың басқа да түрлерін, оның ішінде ЕЭК-тің №122 шешімімен бекітілген Тәртіптің 20-тармағының д) тармақшасында көзделген ерекшелікті сақтау үшін қажетті олардың сәйкестендіруші таңбалануын сәйкестендіруді және суретке түсіруді жүзеге

асырады, ал машинаға дайындаушы ұйым басқан сәйкестендіру таңбалануын жасыру, қолдан жасау, өзгерту, жою белгілері анықталған жағдайда не машина ұсынылған мәліметтерге сәйкес келмейтіндігі анықталған жағдайда өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің паспортын, оның ішінде өздігінен жүретін машинаның және басқа да техника түрлерінің электрондық паспортын ресімдемейді және Қазақстан Республикасының құзыретті органдарын хабардар етуді (ЕЭК № 122 шешімімен бекітілген Тәртіптің 21-тармағының г) тармақшасында көзделген ерекшелікті сақтау мақсатында) жүзеге асырады;

6) ұйым осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес Бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігін өзектендіру үшін қажетті ақпаратты ұсынады.

19. Ұйымға өкілеттік беруден бас тарту үшін шарттар мыналар:

1) осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген, Комитетке ұсынылған құжаттардың толық болмауы;

2) ұйымның осы Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес келмеуі;

оның ішінде өкілеттіктер беру мақсатында қайта жүгінген кезде:

3) ұйымның осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес Бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігін өзектендіру үшін қажетті ақпаратты екі ретten артық бермеуі;

